

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 145 (9207) | 1953 жылғы 22 июль Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Қырмандарды астық дайындауға жақсы жабдықтайық

Егіннің өсіп жетілуіне ауа райы қолайлы болып тұр. Облысымыздың колхоздары мен совхоздарының даласында бітік егін өсірілуде. Барлық жерде ауылшаруашылық дақылдары тегіс бәсе жарып, ең маусымды жұмыс — егін жыйнау мен астық дайындаудың басталатын мезгілін жақындата түсіп отыр. Енді біраз күндерден кейін облыстың колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау мен астық дайындау басталады. Мұның өзі партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарынан, МТС, колхоз, совхоз басшыларынан егін жыйнауға әзірлікті тез арада барлық жағынан үлгілі аяқтауды талап етеді. Еналдымен комбайндармен егін орып жыйнайтын, астық бастыратын, астық тазартатын және басқа да күрделі машиналар мұқият жөнделуден өтуге тиіс.

Егін жыйнау мен астық дайындау сыяқты маусымды жұмысты табысты өткізуде жақсы жабдықталған астық қырмандарының жеткілікті болуының зор маңызы бар. Өйткені, егін орағы кезінде жұмыс негізінен қырмандарда жүргізіледі. Комбайнмен бастырылған астық үздіксіз қырмандарға тасылып жатады. Ол сонда тазартылып дайындау пункттеріне жөнелтіледі. Егіннің қысқа мерзімде ырақсыз жыйналуы бір жағынан қырмандағы жұмыстардың тығыздығын жүргізуіне байланысты. Бұл үшін қырмандарда астық тазарту, кептіру тиіс сыяқты ең күрделі жұмыстарды механикаландыру керек.

Механикаландырылған жабық, ашық қырмандардың жеткілікті болуы астық дайындау жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге зор мүмкіншіліктер туғызатындығын тәжірибеден көріп келеміз. Мысалы, өткен жылы Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхозда астық дайындауға қырмандар жақсы жабдықталды. Астық тазарту, кептіру және оны

бір-ақ жабық қырман бар. Оның өзі жөнделмей, ашық-тесік күйінде тұр. Жаңадан жабық қырман салу, астық тазартатын машиналарды жөндеу, астық кептіргіштер әзірлеу, сөйтіп, астық дайындау жұмыстарын комплексті механикаландыру жөнінде колхоз басшылары тіпті ешбір қам жемей отыр. «Еңбек» колхозында да жабық қырман әзірлеу, астық дайындау жұмыстарын механикаландыру ісі бетімен жіберілген. Мұнда 3 жабық қырман болса, оның бірде-бірі жөнделуден өткен жоқ. Жалғыз қырмандарды жеткілікті әзірлеумен іс бітпейді. Егін жыйнау мен астық дайындауды үлгілі өткізудің тегігі — қырмандарда астық тазарту, кептіру, астық тиіс жұмыстарын механикаландыруда. Алайда, аталған колхозда жұмыстың мұндай маңызы Учас-тоғи мүлде кеңже қалып келеді. Астық тазартатын машиналар, астық кептіргіштер, астық тиіс, түсіретін құрал-жабдықтар осы уақытқа дейін әзірленбеген.

Қырмандарды әзірлеу, оларды механикаландыру жұмыстары Совет, Конохов, Приешім аудандарында да нашар жүргізілуде. Бұл жұмыс олардың жекелеген колхоздарында ғана басталған. Ал, колхоздардың көпшілігінде жабық қырман-дар салу, жөндеу оларды механикаландыру ісі жүргізілмей, мүлде кеңже қалып отыр. Егін жыйнаудың басталуына аз-ақ күн қалса да, бұл аудандардың басшы-лары арқаны кеңге салып, жаңа астық-ты дайындауға әзірлікті ойдағыдай аяқ-тау жөнінде ешбір шара қолданбай келе-ді.

Өткен жылдарда облыс жағдайында, әс-ресе егін орағы кезінде жауын-шашын-ның жиі болып келгендігі мәлім. Бұл егін жыйнау мен астық дайындау жұмыста-рына көп бөгет жасады. Астық дайын-дау жұмыстарын қай кезде болсын үздік-сіз жүргізу үшін жабық қырмандарды жеткілікті әзірлеу, оларда астық дайын-дау жұмыстарын толық механикаланды-

Коммунистік партия — совет халқының жетекші және ұйымдастырушы күші

★ Партияның басшылығымен

Қазақстан КП Мамлют аудандық коми-тетінің СОКП Орталық Комитеті Плену-мының қорытындыларын талқылауға ар-налған партия, совет активімен басқосқан пленумы зор бәсеңділікпен өтті. Пленум-да баяндама жасаған аудандық партия комитетінің секретары Закирченко жо-лдас және жарыссөзде шығып сөз сөйлеу-шілер Пленум қаулысының маңызына, оны аудан еңбекшілерінің ұйымшылдық-пен қарсы алып, олардың Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса беретіндігі-не тоқталды.

Опасыз, сатылмыш Берия партия мен мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттер жасады, — деді аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары Беленков жолдас. Сұрқыя жау колхоз құрылысын әлсіретіп, социалистік ауыл шаруашылы-ғының өркендеуін бәсеңдеткісі келді. Оның бұл әрекеті іске аспай, жау дерке-зінде әшкереленді.

Калинин атындағы колхоз партия ұйымының секретары Петченко жолдас колхозшылар мен колхозшы әйелдердің Берияның қылмысты әрекеттерін дерке-зінде жойғаны үшін үкмет пен партияға алғыс айтатынын білдірді.

Орман шаруашылығының директоры Красноштанов, Интернационал МТС-і ди-ректорының саяси жұмыс жөніндегі орын-басары Степанов жолдастар Пленум қау-лысы көрсеткен кейбір кемшіліктердің Мамлют ауданында да бар екеніне тоқ-талды.

Пленум қаралған мәселе бойынша қау-лы алды.

★ Партия бірлігі үшін

КАРАКОҒА. Конохов аудандық партия

★ Ауыл-село еңбекшілерінің үні

Бұл күндері Петропавл ауданының МТС-тері мен совхоздарында және кол-хоздарында жыйналыс өтіп жатыр. Онда СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы талқылануда. Еңбекшілер бұл қаулыны бірауыздан мақұлдап, халық жауы Берияны деркезінде әшкерелегені үшін Орталық Комитетке алғыс айтуда.

Асанов МТС жұмысшылары мен қыз-меткерлерінің жыйналысында комбайншы Савченко жолдас СОКП Орталық Комите-тінің қаулысына жауап ретінде «Сталин-нец—6» комбайнын мерзімінен бұрын жөндеп, жөнделуге жұмсалатын қаржы-ны 25 процент үнемдеуге, аз уақыттың ішінде 700 гектар жердің егінін шауып, 9 мың центнер егінді бастыруға, 150 ки-лограмм жанар майын үнемдеуге міндет-теме алды.

Фурманов атындағы колхоздың жыйна-лысында колхозшы Ерзакова жолдас кол-хоз құрылысының жауы Берияны дерке-зінде әшкерелегені үшін Коммунистік партия мен Совет үкметіне алғыс айта-мын, біз, колхозшылар, колхоз даласында

★ Фабрикадағы жыйналыс

19 июльде «Комсомолка» тігін фабри-касы коллективінің жыйналысы болып өтті. Жыйналыста Совет Одағы Комму-нист партиясы Орталық Комитеті Плену-мының қорытындылары туралы фабрика директоры Ермолин жолдас баяндама жа-сады.

Жыйналысқа қатысушылар баяндама-шының Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы әрекеттері жөнінде айтқан сөзін зейін қоя тыңдады. Олар СОКП Орталық Комитеті Пленумының Берияның совет мемлекетін әлсіретуге ба-ғытталған, партияға және мемлекетке

еңбек өнімділігін арттырып, бесінші бес-жылдық жоспарды орындауға бар күші-мізді саламыз, деді.

Петропавл МТС-інің жұмысшылары мен қызметкерлерінің жыйналысында ор-денді комбайншы Ким жолдас МТС кол-лективі атынан Берияның қылмысты іс-тері жөнінде СОКП Орталық Комитеті қолданған шараларды толық қуаттайтын-дығын білдірді. Берия, деді ол, лениндік-сталиндік ұлт саясатын бұрмалап, совет халықтары арасында ұлт араздығын ту-дырғысы келді. Оның бұл әрекеті іске аспады. СОКП Орталық Комитеті Плену-мының қаулысына жауап ретінде еселе-ген қарқынмен еңбек етіп, МТС-тің басқа жұмысшыларын да теген Отанының көр-кеуі үшін екі еселеген жігермен еңбек етуге шақырамын.

МТС-тер мен совхоздарда және колхоз-дарда болып өткен жыйналыстарда аудан еңбекшілері өздерінің Коммунистік пар-тия мен Совет үкметінің төңірегіне бұ-рынғыдан да берік топтаса түсетіндікте-рін айтады.

мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыру күре-сінде қажырлылықпен еңбек етеміз. Мен осы уақытқа дейін күнделікті жұмыс тапсырмамды 185 проценттен орындап келсем, енді 200 проценттен орындауға серт берем.

—Бұл әшкереленген халық жауы, — деді № 3 цехтың мәстери Коваленко жо-лдас, —еліміздің ұлттарының мызғымас достығын жойғысы келді. Бостандық пен еркіндіктің, халық бақытының жауы бо-лып табылатын сұрқыяның қылмысты ісі бізді қатты ызаландырды. Коммуни-стік партия мұндай сұрқыяларды орау-қытта әшкерелеп келді және әшкерелейді

★ Бірауыздылық

ҚКП Преснов аудандық комитеті мүше-лері мен партия, совет активінің басқос-қан пленумы СОКП Орталық Комитет Пленумының қаулысын бірауыздан ма-құлдады.

Пленумда баяндама жасаған аудандық партия комитетінің секретары Долженк жолдас және жарыссөзде шығып сөйлеу-шілер Коммунистік партияның ұлан-бүй-тақ елімізге дұрыс және іркіліссіз басшы-лық жасап, совет халқының мәдени-тұр-мыстық дәрежесін жақсартып, елімізді коммунизмнің сәулетті шыңына баста-отырығанына тоқталды.

Мұнымен бірге, пленумға қатысушы-лар аудандық комитеттің бастауыш пар-тия ұйымдары мен шаруашылық орын-дарына басшылығындағы орын алған кейбір кемшіліктеріне тоқталды. Ауда-ндық Совет атқомінің председателі Мака-ров, Преснов МТС-і директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Сибиски жолдастар аудандық партия комитетінің бюросы мен аудандық Совет атқоміні аудан өміріндегі негізгі мәселелерді опера-тивті шешіп, нақтылы басшылық жаса-алмай отырғанын сынады. Аудан еңбек-шілері арасында үгіт-бұқаралық жұмыс-тары өз дәрежесінде жүргізілмейді. Ауда-мал азығының берік қорын жасау жөні-дегі мемлекеттік жоспарды орындама-кейін қалып отыр, — деді олар. Никола МТС-нің комбайншысы Социалистік Еңб-Ері Колмыков жолдас өзінің сөзінде қыр-ғылықты арттырудың маңызы жөнін айтып.

Пленум СОКП Орталық Комитеті Пл-нумының қаулысын бірауыздан мақұ-дан, оны мүлтіксіз жүзеге асыру ж-нінде нақтылы шаралар белгіледі.

★ Халық бірлігі әрқашан жеңеді

Қазақстан КП Соколов аудандық ком

не жөнелту жұмыстары механикаландырылды. Соның нәтижесінде мұнда егін қысқа мерзімде ысрапсыз жыйналды, мемлекетке астық тапсыру жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Бұл колхоз жаңа астық қабылдауға қырмандарды астық тазартатын, кептіретін орындар мен машиналарды, таразыларды және басқа да құрал-жабдықтарды быйыл да үлгілі әзірлеуде.

Ауыл шаруашылығындағы ең маусымды жұмыс — егін жыйнау мен астық дайындаудың басталуына санаулы ғана күн дер қалды. Осыған қарамастан облыстың колхоздары мен совхоздарында жабдық қырмандарды әзірлеудің жайы өте қанағаттанғысыз болып отыр. Олардың көпшілігінде жабдық қырмандар салу, жөндеу және астық тазартатын, кептіретін орындар мен машиналарды әзірлеу жұмыстары осы күнге дейін қолға алынған жоқ.

Істің жайы әресе, Ленин ауданында өте-өте нашар. Ауданның көп колхоздары жабдық қырмандар салуға және жөндеуге бүгінге дейін кіріскен жоқ. Мұның себебі — аудандық партия комитеті мен Совет атқомі, аудандық ауылшаруашылық және дайындау бөлімі егін жыйнауға әзірлік жұмыстарына жеткіліксіз бастылық жасап келеді. Соның салдарынан колхоз председателдері «егін орағының басталуына әлі көп уақыт бар, қырмандарды, астық тазартатын, кептіретін құрал-жабдықтарды кейін қолға алсақ та дайындап үлгереміз» деген зиянды пікірлер салынып, егін жыйнау мен астық дайындауға әзірлікті көріне-көзге жүргізбей отыр. Әрине, бұл төзелік жағдай емес.

Осы аудандағы «Бірлік» колхозында

ру қажет. Демек, партия, Совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары жөне колхоз, МТС басшылары жабдық қырмандарды әзірлеуге, оны механикаландыруға күш-мүмкіншілікті жеткілікті бөліп, егін орағына дейін бұл жұмысты толық аяқтауға жетісуге міндетті.

Қырмандарда астық тазарту, кептіру және оны өлшеу, тиесу, түсіру жұмыстарын механикаландырудың зор маңызы бар дедік. Бұған колхоздардың да, МТС-тердің де күш-мүмкіншілігі жеткілікті. Колхоз, МТС басшылары бұл мәселемен жете шұғылданып, қолда бар күш-мүмкіншіліктердің іске тиімді пайдаланылуын ұйымдастыра білулері керек. Әрбір колхозда астық тазартатын қуатты машиналар астық, кептіргіштер, астық тиесу түсіретін құрал-саймандар әзірленіп, іске өнімді пайдаланылуға тиіс.

Қырмандарды астық дайындау жұмыстарын комплексті механикаландыруда МТС-тер көп жұмыс істей алады. Олар электр, мотор күшімен астық тазартатын машиналарды, астық кептіргіштерді көптеп жабдықтап жұмысқа қосулары, бұл жөнінде колхоздарға нақтылы көмек көрсетулері керек. Алайда, кейбір МТС-тер бұл жөнінде быйыл мардымды ештеңе істемей отыр. Мәселен, былтыр Налобин МТС-і мотор күшімен жұмыс істейтін екі машина жасап іске қосты. Оның әрқайсысымен тәулігіне 2 мың центнерге дейін астық тазартылды. МТС бұл сияқты игілігі істі әрі қарай дамыту жөнінде ештеңе істемей отыр. Мұндай кемшіліктерді дереу жою қажет.

Әрбір колхозда механикаландырылған жабдық қырмандарды жеткілікті әзірлеп, егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының ойдарыдай ұйымдастырылуын қамтамасыз етейік!

Еліміздің егіс даласында

БАКУ. Красносельскі МТС-нің комбайншылары республикада бірінші болып егін орағының жоспарын орындады. Олар қамтыған Саатлинск ауданының колхоздарында астық жыйнау жұмысының барлық түрлері толық механикаландырылған. Бітіп шыққан егін жыйналып алынды. Әрбір екі комбайншының бірі маусымдық тапсырманы біржарым, екі есе асыра орындады.

Комплексті механикаландыру мемлекетке астық тапсырудың қарқынын күшейтуге көмектесті. Өткен жылмен салыстырғанда, МТС қамтуындағы колхоздар дайындау пунктінде астықты екі есе артық тапсырды.

Минусин даласының колхоздарындағы су проводтары

МИНУСИНСК, 19 июль. (СОТА). Бүгін Минусин ауданының Ворошилов атындағы колхозында су проводы қатарға қосылды. Мал фермаларына, сол сияқты, бақша мен темекі плантацияларына су беретін бұрғылау құдығы және су жыйнайтын мұнара орнатылды. Су проводы колхозшылардың үйіне кір-

ОРЕЛ. Орлов облысының егіс даласында астық пісе бастады. Долгоруков, Чернав, Чибисов аудандарының колхоздары қара бидайды іріктеп ору жұмысына кірісті. Ондаған гектар жердің егін орылды. Егіс алаңдарына комбайндар да шықты. Облыстың шығыс жағында бір-екі күннен кейін жаппай егін орағы басталады.

Комбайндардың қуатты тракторлар мен басқа машиналардың барлығы егін орағы жұмыстарының толық механикаландырып, астық бастыруды өткен жылдағыдан тезірек бітіруге мүмкіншілік береді. (СОТА).

гізіліп, Большая Нюка селосының көшелеріне су таратқыш будналар орнатылды.

Үстіміздегі жылы Минусин даласындағы бірнеше колхоздарда бұрғылау құдықтары мен су проводтары салынатын болады.

комитетінің партия, совет активімен басқосқан пленумы ҚКП аудандық комитеті секретары Макаров жолдастың СОБП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы туралы баяндамасын талқылады. Аудан коммунистері мен еңбекшілері және пленумға қатысушылар СОБП Орталық Комитетінің Берияның мемлекетке қарсы, партияға қарсы қылмысты әрекеттерін жою жөнінде деркөзінде және батыл қолданған шараларын толық қуаттады.

Суворов МТС-нің директоры Мотыгин, «Колос» колхозының председателі Борисов және басқа жарыссөзге шығып сөйлеушілер Коммунистік партия бастап отырғанда ешқандай ішкі, сыртқы жаулар қаскүнемдігінің іске аспайтынына, олардың зұлымдық әрекеттерінің қандайы болмасын әшкереленетіндігіне тоқталды. Мұнымен бірге, олар идеологиялық жұмысты жақсартып, революциялық қырағылықты күшейтуге шақырды.

Пленумының қаулысында Конохов ауданының еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып отырғандығы айтылды.

—Степан Ситников өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасымен өнімді жұмыс істеп келеді. Ол тәжірибелі машинист деп Приешім ауданында тектен-текке айтылмайды. Ол бұл абройлы атаққа еңбек сүйіштігімен, көрнекті табыстарымен ие болуда.

Ситников жолдас быйыл өздігінен жүретін шөп машинасын бірде-бір күн тоқтатпай 22 жұмыс күні ішінде 1200 гектар жердің пішенін шапты. Ол бір сменалда 30 гектар орнына, 45—50 гектар, кейбір күндері 72 гектар жердің пішенін шабады. Ситников жолдас аудан машинистерінің социалистік жарысында бірінші орынға ие болып, өзінің іскерлік қабілетін іс жүзінде көрсетті.

Ситников өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасымен быйыл бірінші жыл жұмыс істейді. Бірақ, ол аз уақыттың ішінде осы машинамен жұмыс істеуге маманданып алған. Бұл мамандықты игеруді ол көптен ойластырған болатын. Өткен жылғы күздің бір күнінде Приешім МТС-інің директорына келіп, өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасында жұмыс істеуге құмар екендігін білдірді. Директор оның пікірін сол арада-ақ қуаттады.

Ситников қысты күні өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасын жөндеуде болды, онымен жұмыс істеуді жете үйренді. Быйылғы маусымда МТС директоры жұмыс істеуге оған жаңа ғана келген өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасын берді.

—Егер өздігінен жүретін шөп машинасына дұрыс техникалық күтім жасап, жұмысқа пайдалана білсең, —дейді Ситников

қарсы істеген қылмысты деркөзінде әшкерелеп, батыл қолданған шараларын бірауыздан мақұлдады.

Жыйналыста Берияның сурқылық істерінен саяси сабақ алып, одан нақтылы қорытындылар жасау керек екендігі айтылды. Мұнда фабриканың жұмысындағы кейбір кемшіліктердің беті ашылып, дирекцияның басшылығы қатты сынға алынды. Сөйтіп, жұмысшылар арасында еңбек тәртібін нығайту, саяси тәрбиені жақсарту шаралары көрсетілді.

—Халықтың қас жауы Берияны партия қатарынан шығару, оның ісін жоғары сот орнына беру туралы СОБП Орталық Комитеті Пленумының қарарын және СССР Жоғарғы Советі Президиумының қаулысын, —деді цех жұмысшысы Шевченко жолдас, —еліміздің бүкіл еңбекшілері сыяқты, біздің фабриканың коллективі де бірауыздан қабылдап отыр. Империализмге сатылған Берияның әрекеттері деркөзінде әшкереленді. Біз, жұмысшылар Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаныса отырып, социалистік Отанымызды нығайта беру жолында еңбекшілердің әл-ауқат,

Жемшөп дайындаудың озаты

МАШИНИСТ

жолдас, —пішен шабуға зор табысқа жететінің сөзсіз. Машинист агрегаттың әрқашан қалтқысыз жұмыс істеуіне жетісуі керек.

Ситников жолдас осы ісі сай. Ол шөп машинасының әрбір бөлшегінің тыңғылықты жұмыс істеуіне жете көңіл бөледі. Қай кезде болсын оның өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасының қасында жүргенін көруге болады. Ол жұмысқа шығар алдында машинаға жанар май құйғаннан кейін, әрбір бөлшекті байқап шығады. Босаған винттер мен гайкалар болса, қатайтып бұрайды, олардың жұмысқа жарамсыздарын сол арада қолма-қол жөндеп алады.

Ситников жолдас әресе мотордың жұмыс істеуіне ерекше назар аударады. Бұл жөнінде ол былай дейді:

—Мотор —машинаның жүрегі. Бөрінен бұрын мотордың жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Осылай ол өз, машинасының моторын күн сайын өнімді жұмыс істеуге дайын етеді. Демек, машинаның шөп шабатын бөлшектерін мұқият байқап шығады. Шалғылардың тістерінің өткірлігін, оның бекітімділігін байыптылықпен тексереді. Егер шалғының бір тісі жұмыс істемесе, шөптің сапасыз шабылатыны оң жақсы біледі. Техникалық күтім кезінде байқалған кемшіліктерді жойғаннан кейін машинаның әрбір бөлшегін майлайды. Машинаның бағыне екі рет толтырып жанар майын құяды. Құйылған жанар майды толық жұмсаған соң қартерге жададан май құя-

ды. Біз партияның барған сайын нығайтуды үшін, Отанымыздың күш-қуаты артып, гүлдене беруі үшін өндірісте еңбек өнімділігін арттыра береміз.

—Партия комсомолетерді, —деді № 3 цех комсомол ұйымының секретары Фролова жолдас, —әуақытта принципті, саяси қырағы болуға үйретіп келеді. Біз Берияның ісін қорытынды жасап отырып, саяси қырағылығымызды бұрынғыдан да арттыруымыз қажет.

—Халық жауы Берия, —деді № 2 цехтың бастығы Паница жолдас, —социалистік ауыл шаруашылығының алға басылуына кедергі жасап келген. Бірақ, оның ойлағаны болмады, жау әшкереленді.

Жыйналыста басқа да шығып сөйлеушілер СОБП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын бірауыздан мақұлдап отырып, фабрика жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды.

Жыйналыста жұмысшылар мен инженер-техниктер және қызметшілер Коммунистік партияның саясатын жүзеге асыруға әрқашанда әзір екендіктерін білдірді.

тетінің партия активімен басқосқан СОБП Орталық Комитеті Пленумының қорытындыларын талқылауға арналған пленумында баяндамасы —аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары Тщев жолдас аудан еңбекшілерінің Орталық Комитетке халық жауы Берияны деркөзінде әшкерелегені үшін шексіз алғы білдіретінін, еңбек өнімділігін арттырқылы партияның бейбітшілік сүйгіші дана саясатын қолдап отыратындығы туралы айтты.

Коммунист Санаубаров кадрларды ірітеп алып, оларды орналастырудағы кебір орын алған кемшіліктерге тоқталды «Заря коммунизма» колхозының бұрынғы председателі Нивников, аудандық тұтынушылар одағының председателі Малцев, бұрынғы прокурор Десяткин сыяқтылар мәсқүнемдікке салынып, мемлекет тәртібін бұзды. Бұларға аудандық комитет деркөзінде шара қолдана алмады.

Пленум қаулысында саяси қырағылықты күшейтіп, Отанымыздың қуатын азайтып еңбекпен нығайта беру міндетте атап көрсетілді.

дің бағыты күніне бірнеше рет өзгере. Осы ерекшелікті ескере отырып, машинист шөпті желге көлденең, қарсы шабу үшін шабындық жерлерден бірнеше аңғар бөліп алады.

Техникалық күтімді уақытылы жөндеу жұргізе білуінің, еңбекті сүйіп істеуінің нәтижесінде науқан басталғал Ситников жолдас оның өздігінен жүретін машинасының бірде-бір бөлшегі сынған емес. Бұл оның өз ісіне ұқыптылықпен және творчестволық тұрғыдан қарайтындығын дәлелдейді.

Жемшөп қорын дайындау науқаны басталар алдында Ситников жолдас 2 мың гектар жердің пішенін шабуға міндеттеле алып, МТС-тегі өздігінен жүретін шөп машиналарының машинистерін социалистік жарысқа шақырған еді. Көзір ол өзін социалистік жарыста алған көтеріңкі міндеттемесін нақтылы іспен жүзеге асырды. Егін орағына дейін оның маусымды көтеріңкі міндеттемесін толық орындап шығатындығына ешбір күмән жоқ. Өйткені, оның сөзі мен ісі әрқашан біржерде шығады. Ол айтқан сөзін орындамаудың, намыс көреді.

Партиямыздың XIX съезі колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету беру және ол үшін жемшөптің берік қорын жасау міндетін қояды. Бесінші бесжылдықтың стахановшысы, машинист Степан Ситников жолдас съездің ауыл шаруашылығы алдында қойған міндеттерін жақсы біледі. Сондықтан да ол съездің алға қойған міндеттер мұлтіксіз жүзеге асыруға өз үлесін қосып, жаңа бесжылдықта жаңа табыстар жете беру үшін аянбай еңбек етуде.

А. БАҚЫТЖАНОВ.

Поляк халқының ұлы мерекесі

Бұдан тоғыз жыл бұрын 1944 жылғы 22 июльде Өлкелік Халық Радасының қарары бойынша құрылған Ұлт Азаттығының Поляк Комитеті өзінің тарихи Манифесінде поляк халқы Совет Армиясымен қол ұстаса отырып, неміс-фашист басқыншыларын туған жерден қуып шығу үшін, тәуелсіз халықтық-демократиялық Польша үшін күресуге шақырған болатын. Бүкіл елге мынадай жауынгерлік ұран таратылды:

«Енді ешуақытта да неміс шапқыншылығы хауіп төндіретін Польша үшін, баянды бейбітшілігімен, жемісті еңбегімен көркею мүмкіндігі қамтамасыз етілетін Польша үшін күреске аттаныңдар». Поляк халқы бұл күнді Польшаның қайта Жаңарған күні деп атады.

Миллиондаған поляк патриоттары осы шақыруға жалынды үн қосып, басқыншыларға қарсы күресте өз күштерін есемен арттыра түсті. Совет Армиясының айбынды жауынгерлері поляк жерін азат етті, олармен бірге Поляк Әскерлерінің бөлімдері де ұрыстарға қатысты. Осы бірлескен күресте халықтық Польшаның күші мен көркеюінің қайнар бұлағы — совет-поляк мызғымас берік, ұлы достығы туып, орнықты.

Азат етілген поляк халқы қайта жаңару мейрамын өзінің тамаша табыстары үшін зор қуаныш және мақтаныш сөйлемімен, өзінің бақытты болашағына шексіз сенгендікпен қарсы алып отыр. Польшаның біріккен жұмысшы партиясы мен халықтық үкіметтің басшылығымен республиканың еңбекшілері зор жігермен социалистік жаңа қоғам орнатуда. Совет Эданың үнемі көмектесіп, қолдауы социализм құрылысының сенімін арттырып, халықтық Польшаның үздіксіз аға басын қамтамасыз етіп келеді.

«Поляк халқы, — дейді Болеслав Берут, — шапшаң қарқынмен жаңа социалистік ұлтқа айналып келеді. Бүгін таңда поляк халық бұқарасының қуатты күштері мен творчестволық таланттарын өмірге қатыстырып отырған осы тарихи өзгерістерде совет халықтарының туысқандық көмегі, достығы және өнегесі пешині роль атқарып отыр».

Поляк еңбекшілері өз елінің құрылысында шын мәнісінде үздік табыстарға жетті. Егер Польшаның соғыстан және неміс-фашист оккупациясынан қатты зыяндалғанын ескеретін болсақ, онда бұл табыстар шын мәнінде анағұрлым күрделі өкпендігі көреміз.

Польшадағы ресми мәліметтер бойынша, Польшаның халық шаруашылығы ұшыраған материалдық зыяның көлемі дүниежүзілік бірінші соғыстан болған зыяннан үш жарым есе асып түсті. Гитлердің басқыншылар 14 мың кәсіпорнын

халқы республиканы өзінің таңдап алған жолынан тайдыруға тырысқан ішкі және сыртқы реакцияның барлық әрекеттерін талқандады. Халықтың бірлігі жылдан-жылға өсіп, нығаюда, бұл бірлік өткен жылы өткізілген Поляк сеймінің сайлауында ерекше айқын көрінді. Осы сайлауда Халық майданы тамаша жеңіске жетті. Дәл осы жылы Польшаның халқы жаңа конституцияға ие болып, бұл конституция оның ұлы жеңістерін баянды етті және оның бақытты тұрмыс орнатуындағы күш-жігерін арттыруына бұрынғыдан анағұрлым зор мүмкіндіктер тудырды.

Көзір Польша социализмнің берік экономикалық негіздерін қалауға тиісті алтыжылдық жоспардың төртінші жылына қдам басып отыр. Халықтық өкмет республиканың индустриясын өркендетуге бірінші дәрежелі көңіл бөліп келеді, ал бұл саладағы табыстар жаңа Польшаның достарын сүйсіндірмей қоймайды.

1952 жылдың жоспары орындалғаннан кейін өнеркәсіп өндірісінің соғыстан бұрынғы дәрежесінен үш еседен аса асып түсті. Электр қуатын өндіру төрт есе, көмір мен болат- үш есе артты. Польша көмір шығару жөнінде көзір Францияны, Бельгияны және Италияны қоса есептегенде де асып түсіп отыр. Елдің әртүрлі аудандарында көптеген жаңа кәсіп орындар, соның ішінде машина жасау заводтары салынды. Польшаның верфтері тұңғыш рет ірі теңіз кемелерін жасай бастады. Отандық трактор жасау ісінің қарқыны барған сайын кең өрістеуде, жүк және жеңіл автомобильдер, электроваздар, күрделі токарлық және металл өңдеу станоктарын, бұрын шетелдерде, әкелінген басқа машиналар шығару ісі жолға қойылды.

Елдің бұрын артта қалып келген аудандарында өнеркәсіп орындары көбейде. Мысалы, Краков воеводствосында алтыжылдықтың алыбы — «Новая Гута» металлургия комбинаты салынып жатыр. Бұл комбинат іске қосылғаннан кейін Польша жыл сайын бір жарым миллион тонна қосымша болат алатын болады, яғни елдің барлық металлургия заводтарының соғысқа дейінгі берген болатынан анағұрлым артық алады. Дәл осы воеводствода ірі химиялық комбинат, республикадағы ең үлкен Явожно—2 электр станциясы, үлкен тоқыма комбинаты, жаңа көмір шахталары және басқалары салынууда.

Халықтық-демократиялық Польшаның құрылысында Варшаваны қайта жаңартудың орасан зор жұмыстары ерекше орын алып отыр. Құрылысшылардың қажырлы еңбегі арқасында поляк астанасы қыйбаған күйінен көтеріліп, тез қалпына

өндіріс озаттары мен жаңашылдар саны көбейе түсуде. Жұмысшылар, инженерлер мен техниктер жұмыстың советтік озат әдістерін ойдағыдай меңгеріп, еңбек өнімділігін арттыру, өнімді мол шығару және оның сапасын жақсарту ісінде тамаша табыстарға жетуде.

Өнеркәсіптің жедел өркендеуі Польшаның ауыл шаруашылығын өркендету үшін қолайлы жағдай тудыруда. Халықтық өкмет жылдарында деревняға орасан көп ауылшаруашылық машиналары мен құралдары жіберілді, егін көлемін арттыру, озат агротехниканы енгізу жөнінде көп жұмыстар істелді. 1949 жылы елде 30 машина-трактор станциясы болған еді, көзір олардың саны 368-ге жетіп отыр.

Еңбекші поляк шаруалары ірі социалистік егіншілік жолына бірте-бірте түсіп келеді. 1 июльге дейін республикада 7.682 егінші өндіріс кооперативтері ұйымдастырылды, бұларға 157 мың шаруалар шаруашылығы өз еріктерімен бірікті. Еңбектің коллективтік формаларына негізделген ірі егіншілік шаруалардың әл-ауқатын үздіксіз арттырудың кепілі болып табылатындығына олардың іс жүзінде көзі жетуде.

Халықтық өкмет еңбекшілердің өскелең материалдық және мәдени тілектерін қанағаттандыруға зор қамқорлық жасап отыр. Жұмысшылардың нақты жалақысы мен шаруалардың табысы үнемі артып, көпшілік тұтынатын азық-түлік пен өнеркәсіп товарлары мол шығарылуда, олардың бағасы кемітіліп, еңбекшілердің әлеуметтік қамсыздандырылуы жақсарылууда. Үкмет денсаулық сақтау ісін өркендетуге, демалыс үйлерін, санаторийлер, балалар бақшалары мен яслилерін салуға көп қаржы бөлуде.

Поляк Халық Республикасы мәдениет құрылысының саласында зор табыстарға жетті. Бұрынғы Польшада мектеп жасындағы миллионнан аса балалардың оқу оқып, білім алуға мүмкіндігі болмаған еді. Көзір елде жалпыға бірдей оқу толығымен жүзеге асырылуда, ескі дүниенің ең ауыр мұраларының бірі — сауатсыздық жойылды. Республиканың қалалары мен селоларында мыңдаған жаңа мектептер, кітапханалар, оқу үйлері, мәдениет үйлері салынды, жаңадан жоғары оқу орындары, театрлар, кинолар ашылды. Газеттер, кітаптар, журналдар көп тиірәлдермен басылып, халықтың ең қалың бұқарасының игілігіне айналды. Мысалы, Польшада басылатын кітаптардың тиражы соғыстан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда төрт есе дерлік артқан, мұның ерекше зор мәні бар.

Польшаның тұрмысында үнемі дамып, алға басқан прогрестің әсері сезілмейтін

„Ленин туы“ газетінің бәйгесіне өткізілген эстафета



19 июльде күндізгі сағат 12-де «Ленин туы» газетінің бәйгесін алу үшін жыл сайын өткізіліп отырылатын дәстүрлі эстафетаға старт берілді. Эстафета 15 километрге жуық қашықтықта 13 этапқа бөлініп өткізілді. Бұл эстафетаны қала жұртшылығы да, спортсмендер де өте жақсы көреді. Өйткені, эстафетаның этаптары әртүрлі. Мұнда жүгірушілер, салтаттылар, мотоциклистер, велосипедшілер, суда жүзушілер, қайықшылар және басқалары қатысады.

Бірінші этапты «Авангард» қоғамының жүгірушісі Кравцов бірінші болып аяқтап, таяқты салтатшыға берді. Спартакшы Тимофеев — екінші, локомотивтік Киселев — үшінші болып келді. Салтаттылар арасында қызу күрес басталды. «Энергия» командасының мүшесі Август эстафетаның ең соңында қалса да алғашқы бесжүз метр жер өткеннен кейін-ақ алдағы екі салтаттыдан озып өтті. Сөйтіп, этапты бірінші болып аяқтап, эстафета таяғын «Энергия» командасының қайықшыларына берді. Екінші болып «Буревестник», үшінші болып алғашқылардан бір километрдей кейін қалып қойған «Локомотив» командалары келді. Осы этаптан бастап «Локомотив» командасының бірінші орын алуға жетісе алмайтыны байқалды.

Ойынның үшінші этапында қайықшылар арасында қызу күрес басталды. Барлық этаптар бойынша бірінші болып келген «Энергия» командасы 1600 метр жүргеннен кейін «Авангард» және «Спартак» командаларының қыспағын сезе бастады. «Локомотив» командасы 1 километр кейін қалып қойды. Ал, қайығы болмағандықтан «Буревестник» командасы жарыстан мүлде шығып қал-

дың қарқыны төмендеп кетті. Бірақ, алтыншы этапта «Авангард» командасының велосипедшісінің машинасы бұзылып қалып екінші велосипед ауыстырып алғанша 5 минут уақыт өтті. Егер кейін қалған басқа командалар қуып жетсе онда күрес қайта күшейе түсетін еді. Бірақ, олай болып шықпады. Спортшылар дистанциялардың жақсы білмегендіктен эстафета қызықты өткен жоқ және командаларлық күрестер қызықты болмады. Мұнан кейін жарыс өте баяу болды, енді командалар бірінші орын үшін емес, екінші, үшінші орындарды алу үшін күрес жүргізді.

15 километрлік дистанциялардың барлығын «Авангард» спорт қоғамының командасы 1 сағат 11 минут 53 секундта бірінші болып аяқтады. Екінші болып «Энергия», үшінші болып «Локомотив» командалары келді. Жарыс аяқталды. Бас судья жеңіп шыққа «Авангард» қоғамының командасына ауыспалы жүлдені тапсырып, команда мүшелерінің жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдірді.

Жоғарыда «Ленин туы» газетінің бәйгесін алу үшін өткізілген эстафетаға салтаттылар, жүзушілер де, мотоциклистер мен велосипедшілер де қатысты дедік. Бірақ, эстафета ерікті спорт қоғамдарының спорттың бұл түрлері бойынша өз дәрежесінде дайындалмағандығын көрсетті. Мәселен, «Локомотив» қоғамының салтаттысы қай жаққа баратынын білмей қалса, «Спартак» пен «Энергия» қоғамының мотоциклистері жарыстың барысында жолдан шығып, адасып кетті. Ал, «Буревестник» қоғамы қайықшылар үшін қайық дайындап беруді естен шығарған. Сөйтіп, бұл командалық қайықшылар жарыс-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ
ПХЕНЬЯН, 20 июль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясы Бас командованиясінің хабарына қарағанда, өткен күні халық әскерлері дұшпанға қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізген.

Жапониядағы жұмыссыздық

ШАНХАЙ, 20 июль. (СОТА). Токиодан алынған хабарға қарағанда, материалдық үлкен қиыншылықтардың салдарынан ғана жапон еңбекшілері өздерінің балаларын сатуға мәжбүр болған.

Токио радиосының Жапон полициясының мәліметтеріне сүйеніп соңғы күндерде таратқан хабарынан осы жылдың май айында ғана жалғыз Нингата префектурасынан ғана 90 адам сатылғаны, оның 59-ы қыз екендігі мәлім болып отыр. «Ер адамдар, — делінген осы хабарда, — ауыл шаруашылығында жалшы болып жұмыс істейді, ал, әйелдер ас пісіруші қағаз тасушы, фабрикалар мен заводтардың жұмысшылары немесе жезөкшелер үйінде жұмыс істейді. Материалдық ауыр тұрмыс — олардың өздерін өздері сатуына себепкер болып отыр. Олардың көпшілігі кәметтік жасқа толмаған жас балалар мен қыздар.

БҰРЫНҒЫ ГИТЛЕРШІЛ СОҒЫС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ГАННОВЕРДЕГІ СЛЕТІ

БЕРЛИН, 20 июль. (СОТА). «Форвертс» газеті бүгін хабар жариялады, онда 18 июльде Ганноверде бұрынғы фашистік армия солдаттарының слеті болғандығы айтылады. Газеттің атап көрсетуіне қарағанда, слеттің мақсаты Батыс Германияны ремилитарландыруды тездетуге және «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы Вонн договорын жүзеге асыруға көмектесу көрінеді. Осы жыйналыста сөз сөйлеген вице-канцлер Блюхер Францияны қорқыта сөз сөйлеген. «Мүмкін қадарынша тезірек, — деп мәлімдеген ол, — барлық әдіс-айланы жұмсап, «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорға қосылуға Францияны көндіру керек».

ИТАЛИЯНЫҢ КОММУНИСТІК ЖӘНЕ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯЛАРЫ ЫҚПАЛЫНЫҢ КҮШЕЮІ

РИМ, 20 июль. (СОТА). Демократияшыл газеттер Италияның Коммунистік және Социалистік партиялары ықпалының өсіп отырғандығы туралы хабарлайды. Мәселен, «Унита» газетінің хабарына қарағанда, Кампания облысында Коммунистік партияның мүшелерінің саны 1952 жылғымен салыстырғанда 8.061 адам болып артқан. Сайлаудан кейін Римде Коммунистік

ды, 24 мың қолөнер мастерскоялары, 200 мың магазинді, мыңдаған мектептер мен әртүрлі мәдени-ағарту мекемелерін қиыратып, талқандап кетті. Халықтың үштен біріне жуығы баспанасыз қалды; ауыл шаруашылығы күйзелді. Бұл айтылғандардың бәріне соғыс және оккупация жылдарында Польшада алты миллионнан аса адам қаза тапқанын қосу керек.

Буржуазиялық-помещиктік құрылыс жағдайында мұндай ауыр зардаптарды жою үшін бірнеше ондаған жылдар керек болар еді. Бірақ, өз елінің шын мәнісіндегі қожасына айналған поляк халқы халық шаруашылығын қайта жандандыру міндетін өте қысқа мерзімде шешті. 1947 жылы қабылданған бірінші үшжылдық жоспар 2 жыл 10 айда орындалды. Еңбекшілердің қажырлы жігері арқасында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қалпына келтіріліп, елдің экономикасына оған әрі өркендетуге жағдай жасалды.

Польшаның біріккен жұмысшы партиясының төңірегіне тығыз топтасып, поляк

келуде, ол таяудағы жылдарда бұрынғыдан әлде қайда көрікті және жақсартылған қалаға айналады. Кәзірдің өзінде мұнда жазадан көптеген тұрғын кварталдар, қоғамдық үйлер, мәдени-ағарту және ғылыми мекемелердің үйлері салынды, кең және түзу магистральдар орнады, үлкен-үлкен парктер жасалды. Қаланың ұсынысыз шет аймақтары болып келген жерлерде тамаша үйлер, мектептер, кинотеатрлар, клубтар орнауда. Варшаваның алып отырған жерінің көлемі 144 шаршы километрден 362 шаршы километрге дейін ұлғайды. Астананың орталығында И. В. Сталин атындағы мәдениет пен ғылым Сарайының биіктігі 220 метр үйінің құрылысы салынуда. Бұл сарай—Совет Одағының поляк халқына тартқан сыйлығы.

Поляк еңбекшілері капиталистік құлдық пен қанаудан мәңгі азат етіліп, өзінің алтыжылдық жоспарын орындау үшін орасан зор жігермен жұмыс істеуде. Фабрикалар мен заводтарда социалистік жарыс пен екіпінділік барған сайын өрістеп,

бірде-бір нәрсе жоқ деуге болады. Алтыжылдық жоспар орындалғаннан кейін еңбекшілер енді өркендетуде жаңа табыстарға жетеді, ал мұның өзі жаңа қоғамдық құрылысты бұрынғыдан анағұрлым нығайтып, халықтың материалдық және мәдени әл-ауқатын онан сайын арттырады.

Қайта жаңарту күнін мерекелей отырып, поляк халқы жаңа тұрмыс орнатуда өз күштерін бәсеңдетпеуге және өзінің қолы жеткен зор табыстарын қырағылықпен қорғауға берік бел байлап отыр. Ол демократияның қуатты лагеріне қалтқысыз қосылып, халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі үшін белсене күресуде. Совет Одағымен арадағы одақты, достықты нығайтып, халықтық демократия елдерімен және Қытай Халық Республикасымен тығыз ынтымақтаса отырып, Польшаның азат етілген халқы бұл одақ пен достықты социализм орнату ісінде жаңа табыстарға жетуінің сенімді кепілі деп білуде.

Д. ДАНИЛОВ.

Паспорт тәртібі қатаң сақталсын

Сталиндік Конституция ССРО еңбекшілерінің демократия мен бостандығын қорғауға кепілдік береді, сонымен бірге, ол әрбір азаматқа зор міндеттер жүктейді. Еліміздің еңбекшілері советтік заңдарды қатаң сақтауға және құрмет тұтуға тиіс.

Мәселен, қалада, аудан орталығында, жұмысшы поселкесінде, совхоз, МТС жерлерінде тұратын 16 жастан асқан барлық азаматтардың паспорты болуы керек. Ал, паспорттың мерзімі өтіп кеткен жағдайда паспорт иесі дереу өзі тұратын жердегі милиция орнына келіп, тиісті документтері бойынша жаңа паспорт алуға тиіс.

Сол сияқты, әрбір азамат қандай да болса бір елді жерге басқа жақтан келгенде паспорттың бір тәулік ішінде жергілікті милиция орнына тіркеуге тиіс екені әркімге мәлім. Қала ішінде пәтерден пәтерге көшкенде де азаматтар жаңа адресі бойынша сол үйдің кітапшасына тіркеледі. Тұрақты тұрған жерінен 45 күннен астам мерзімге басқа жаққа кететін болса, командировкаға, демалысқа, емделуге барушылардан басқа барлық азаматтар бұрын тұрған жерінің есебінен шығын кетуге міндетті.

Алайда, бізде әлі де болса паспорт жөніндегі заңды бұрмалаушылар жоқ емес. Мәселен, Петропавлда тұрушы В. Иванов тіпті табыс емес, паспорты жоқ «Ж» дейтін біреуді үйіне түнеп шығуға жіберген. Ивановтың меймандостығын пайдаланып, ол адам үй иесінің біраз заттарын ұрлап, қашып кеткен. Ал, азаматша В. Агеев ешқандай документі жоқ «К» дейтінді өз

үйінде пәтерде тұруына рұқсат берген. Ол адам бірнеше уақыт өткеннен кейін Агеевты тонап, кетіп отырған.

Коммуналдық, ведомстводағы үйлерде, жатақханаларда, сол сияқты, жеке өз үйлерінде тұрушылардың паспорт заңының негізгі ережелерінің орындалуын бақылау үй басқарушыларға, тұрғын үй комитеттеріне, коменданттарға, үй иелеріне жүктеледі. Олар қарамақтарындағы және жеке үйлерінде паспорты жоқ, паспорттың мерзімі өтіп кеткен немесе тіркелмеген адамдардың тұруына жол бермеуге, 16 жасқа толмаған балалардың ата-аналарының паспортына тіркелуін қамтамасыз етуге тиіс.

Бірақ, қалалық тұрғын үй басқармасы, тұрғын үй комитеттері мен жатақхана коменданттары бұл мәселеге жеткіліксіз зор бөледі, паспорт заңының мұқият сақталуын қамтамасыз ету жөнінде өздеріне жүктелген міндетті орындауға жауапсыз қарайды. Әсіресе № 20 қолөнер училищесінің жатақханасында паспорт тәртібін бұрмалаушылық фактілері жиі кездеседі.

Ұйымдардың, құрылыстардың, кәсіпорындары мен мекемелердің, оқу орындарының басшылары азаматтарды жұмысқа немесе оқуға қабылдағанда олардан паспорттың, немесе тұруы туралы куәлігін талап етулері керек. Өздігінен күн көретін 13—15 жастағы жас өспірімдер туғаны туралы куәлігі бойынша милицияда тіркелуге тиіс. Мекеме басшылары жұмысқа қабылдағанда ол адамның паспор-

тының мерзімі өтіп кеткен жоқ па, паспорттың сол жерде тіркелгендігі туралы милиция орнының белгісі қойылған ба, соңғы жұмыс істеген немесе оқыған жерінен шыққандығы жөнінде белгісі соғылған ба, соны тексеруге міндетті. Ал, кейбір жауапсыз басшылар паспорт заңын өрескел бұзады. Мәселен, паспорты жоқ, паспорттың мерзімі, өтіп кеткен, тіркелмеген адамдарды жұмысқа қабылдауға Возвышен, Совет совхоздарының директорлары Богинич және Чаусов, құрылыс басқармасы бастығының міндетін уақытша атқарушы Иванов жолдастар тікелей жол беріп келеді. Қаладағы автомобиль мектебі мен фельдшерлер мектебінің директорлары да осындай бұрмалаушылыққа жол беріп отыр.

Жұмысқа қабылдау тәртібін бұрмалауға жол берудің салдарынан кейбір мекемелер мен ұйымдарға өздерінің арам ниеттерін орындау үшін кездейсоқ, арам ниет адамдар еніп кетеді.

Паспорт тәртібін нығайту жұмысындағы енді бір кемшілік бұл іске қоғам ұйымдарының жеткілікті қатынаспауында болып отыр. Мекемелер мен ұйымдардың, өнеркәсіп және оқу орындарының партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары кім тарапынан болса да паспорт тәртібінің ережесін бұрмалаушылыққа жол бермеу мәселесінен шет қалмаулары керек.

Милиция майоры А. ГОРБАЧЕВ.

тық үшін күрес күшейе түсті. Жүзушілер тұрған жерге «Авангард» пен «Энергия» командаларының қайығы бір мезгілде келді.

Жүзушілер арасынан «Авангард» спорт қоғамының жүзгіші Кринец басқалардан әлде қайда озып кетіп, протиногаз киіп жүгірушілер жанына бұрын келіп жетті. Сөйтіп, таяқты протиногаз киіп жүгіруші Андреевке, ал, Андреев таяқты мотоциклист Карповқа басқалардан бұрын берді.

Басқа команданың мүшелері артта қалып қойды. Ал, «Энергия» спорт қоғамының мүшесі Ахмадеев маршруттан ада сып кетіп, таяқты велосипедшілерге беру орнына көп уақытты босқа өткізді. Спартакшы спортшы да оның соңынан еріп кетті. Сонымен бұл арада жарыс-

Колхозшылар қамқорлығы

Совет ауданындағы Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері Ленин ауданындағы Александровқа селолық Советі депутаттары мен активтерінің мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жолындағы үндеуіне іспен жауап беруде. Олар колхозды ауылдағы жетіжылдық мектепті жаңа оқу жылына тыянақты әзірлеу жөнінде зор қамқорлық жасап, көрнекті жұмыстар жүргізіп келеді.

Соның нәтижесінде мектеп үйі және мебельдер көзінді өзінде сапалы жөнделіп болды. Мектеп айналасын қоршау және жаңа спорт алаңдарын жабдықтау жұмыстары аяқталуға жуықта-

ға қатысу мүмкіншілігінен айырмалды. Ол-олма, «Динамо», «Искра», «Уражай», «Торпедо», «Пищевик» командалары жарысқа мүлде қатыспады.

Облыстық, қалалық физкультура және спорт комитеттері бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, алдағы уақытта спорт жарыстарының алдын-ала ойдағыдай әзірлікпен өткізілуін, оларға ерікті спорт қоғамдарының толық қатыстырылуын қамтамасыз етулері керек.

Н. БУЗНИКИН,
Бас судьяның орынбасары.

СУРЕТТЕ: «Авангард» ерікті спорт қоғамының командасы. Ол «Ленин туы» газетінің бөйгесін алу үшін өткізілген эстафетада жеңіп шықты.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Көзір колхозшылар мектепке қысқа қажетті оғының 70 процентін әзірледі. Мектептің оқытушылар коллективі оқу жасындағы балалардың тізімін алуға үлгілі аяқтады. Быйыл бұл колхозда оқуға тартылмай қалған мектеп жасындағы бірде-бір бала болмайды.

«Көктерек» колхозының колхозшылары да балаларының тыянақты білім алуына тиісті қамқорлық көрсетуде. Бұл колхоздағы мектеп үйінің мебельдері жөнделіп болды. Колхозшылар мектеп үшін қысқа керекті отынды жеткілікті мөлшерде әзірлеу үшін күресуде.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Ана арызы“

«Ленин туы» газетінің 1953 жылғы 14 июндегі номерінде жарияланған «Ана арызы» деген фельетонды ҚКП Преснов аудандық комитеті өзінің бюро мәжлісінде қарады. Бюро мәжлісі Киров жетіжылдық мектебінің мұғалімі Әбіловтың байшылдық-феодалдық ескі әдет-ғұрпы, оның содырлық істеріне колхоз партия ұйымының секретары Абдрахманов жолдастың жол беріп келгендігі, тіпті оған себепші болып келгендігі, сол сияқты, 2-участоктік халық соты Көлдеев, ҚКП аудандық комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлім меңгерушісі Батырова, аудандық комсомол комитетінің секретары Сунгатуллина жолдастардың төрешілігі және қағаз бастылығы жөнінде

фельетонда көрсетілген фактілерді дұрыс деп тапты.

Әбілов ҚЛКЖО мүшелігінен шығарылып, мұғалімді қызметтен босатылды. Байшылдық ескі салт-сана жолына түсуге дем беріп келгені үшін партия ұйымының секретары Абдрахманов жолдасқа қатаң шара қолданылды. К. Әбілованың арызын қарауға төрешілікке және қағаз бастылыққа салынғаны үшін Көлдеев, Батырова және Сунгатуллина жолдастарға қатаң ескерту жасалды.

М. БАИБАТЫРОВ,

ҚКП Преснов аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

“ОКТАБРЬ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАЙБАРАҚАТТЫҚ”

Газетіміздің осы жылғы 27 майдағы санында жарияланған «Октябрь ауданындағы жайбарақаттық» деген мақалада аудан колхоздарында мал азығын дайындау ісінде орын алып отырған кемшіліктер атап көрсетілген болатын.

Октябрь аудандық партия комитеті редакцияға бұл мақала ҚКП аудандық

комитетінің бюро мәжлісінде талқыланып, онда газет сыны дұрыс деп танылғанын хабарлады. Бюро мәжлісі аудан колхоздарында мал азығын дайындауда орын алған кемшіліктерді дереу жою жөнінде нақтылы қарар қабылдаған.

партияның қатарына 2979 азамат, соның ішінде 1200 әйел кірген. «Аванти» газетінің хабарына сәйкес, соңғы күндерде Социалистік партияға 1000-нан астам еңбекшілер кірген.

СУЭЦ КАНАЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

КАИР, 18 июль. (СОТА). 16 июльде Орта Шығыстағы ағылшын қарулы күштерінің командованисі Исмаилдағы египеттіктерді тінту жөніндегі бұйрықты бұзғаны туралы хабар жариялады. Алайда, Египеттің ұлттық басшылығы министрлігінің ресми мазмұндасында хабарланғанындай, Исмаилдағы ағылшын солдаттарының басбұзарлығы мен тінту жұмыстары етек алып кеткен.

Мазмұндамада ағылшын солдаттарының тінту кезінде египеттіктерді талап алатындығы айтылған. 16 июльде ағылшын солдаттары 3 египет жұмысшысына бас салып, оларды пышақпен жара лаған. 17 июльде ағылшын солдаттары египеттік Абдель Монеимді ауыр жара лаған.

АҚШ ПЕН ФРАНКОШЫЛ ИСПАНИЯ АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫС КЕЛІССӨЗДЕРІ

ПАРИЖ, 19 июль (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Мадридтен берген хабарына қарағанда, Испанияның сыртқы істер министрі Мартин Артахо испан-американ соғыс келісімін жасау туралы келіссөздер аяқталуға жуық деп мәлімдеген.

«Кешкі Мадрид» газетінің тілшілеріне берген мазмұндамасында Артахо Испания жағынан келіссөздерді генерал Франко жүргізеді деп хабарлаған.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ИМПЕРАТОРДЫҢ НАН ПІСІРУШІСІ»

Сеанстар сағат 4-6-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ИНДИЯДА»

Сеанс сағат 4-те басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРАДА

«КӨК ТЕҢІЗДІҢ ЖАҒАСЫНДА»

Сеанстар сағат 3-8-10-да басталады.

Орталық жылу-электр станциясының Совет базарындағы жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің магазинінде тігулі киімдердің, тоқыма киімдердің, аяқкиімдердің түр-түрлері 50 процент кемітілген бағамен сатылады.